

«Айша» бөбекжайы

Бекітемін:
«Айша» бөбекжай меңгерушісі:
Тулеуптаева Б.А.



Тақырыбы:

«Ғарыш әлеміне саяхат»



«Алақай» ересек тәрбиеші: Жиренова У.С

2026 жыл

Тақырыбы: «Ғарыш әлеміне саяхат»

Балалар, таңертең көзімізді ашып ояғанда терезеге карасақ, ең алдымен біз нені көреміз? - Дұрыс, күнді көреміз. - Күн бізге не береді? Күн бізге жарық, жылу береді. Балалар бүгін сендермен топ болып жұмыс жасаймыз. Кәне Ай, күн, жұлдыз болып бөлініп отырайық. тамаша.

- Балалар, бүгінгі сабағымызды бастамас бұрын сөз жұмбақ шешіп алайық.

1. Алды-артына бірдей оқылатын үш әріптен тұратын сөз(аға)
2. Жер серігі (ай)
3. Шұңқыр, жыра (ор)
4. Күн қатты ысып, жердің шаңы шыққанда адамдар нені қалайды?(жаңбыр)

- Ғарыш дегенде ойларыңа не келеді?

-Ғарыш – табиғаттың бір бөлшегі. Жер ғарыштың бір бөлігі. Адам аспанға қарап, жұлдыздарды көреді. Сол жұлдыздар – ғарыш. Бұрын адамдар мұхит арқылы сапар шегетін кезде жұлдыздарға қарап жолының бағытын айқындаған.

Ғарыш - аспан әлемі, космос. Аспан әлемін зерттеу өте ерте кезден бастаған. Ғарышты адам игілігіне пайдалану үшін адамдар көп еңбектенді. Мысалы, олардың бірі аспандағы бұлттардың қозғалысын бақылап, содан кейін ауа райын дәл айтқан. Ал, кейбіреулері мұхиттарда жүрген кемелерді аспаннан бақылаған.

Ғарышқа ең бірінші иттерді ұшырған. Неге итті таңдады?

Ғалымдар ит болғанда, үлкен төбеттер емес, кішігірім итті таңдаған. Өйткені мұндай ит өте төзімді жануар. Белка мен Стелка бірінші рет орбитаны сәтті айналып, Жерге аман оралды.

Байқоңыр туралы не білеміз?(Ғарыш айлағы, онда ғарыш кемелері ұшырылады)

-Балалар, мында қараңыздар!

-Мынау аспан әлемі. Аспан әлемінде көптеген жұлдыздар, шок жұлдыздар бар.

Аспан әлемінде 9 ғалам бар. Сол ғаламның үшіншісі Жер деп аталады. Ал біздер сол Жер ғаламында өмір сүреміз.

-Қайда тұрады екенбіз?

-Жерде басқа ғаламшарда жоқ нәрселер бар екен: су, топырақ, ауа.

-Нелер бар екен?

-Сондықтан мұнда адамдар жан-жануарлар тіршілік етеді. Адамдар басқа ғаламшарда өмір сүруге болама екен деп тексеріп көргісі келді. Ол үшін басқа ғаламшарларға ұшып бару керек екен.

-Балалар сендер қандай әуе көліктерін білесіңдер?

-Иә, ғарышкер ағаларымыз ғарышқа зымыранмен ұшады екен. Оны ғарыш кемесі деп те атаймыз. Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді. Біз бүгін ғарышкер ағалармен, аспан әлемімен танысамыз. Қазақстанның тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров.

Мына суреттегі ең алғаш ғарышқа ұшқан адам, ол Юрий Гагарин деген кісі. Ғарышқа қазақ ғарышкерлері де ұшқан. Мына суретте өзіміздің қазақ ғарышкері Талғат Мұсабаев деген ағаларымыз. Бұл кісілер біздің еліміздің мақтаныштары. Олар ержүрек, батыр, халық қаһармандары. Осы кісілер сияқты батыл, ержүрек болу үшін, білімді, тәртіпті үлкен азамат болуымыз керек.

Сергіту сәті:

Ғарышқа біз ұшамыз
Ғарышкер біз боламыз
Ғаламдарды аралап,
Батыр бала боламыз.
Оңға бір бұрылып,
Солға бір бұрылып
Қолымызды көтеріп
Біз бақытты баламыз.

Тосын сәт: Аудио.

«Сәлеметсіңдер ме балалар, мен сендерге ғарыш әлемінен хабарласып тұрмын. Сендер мені көрмейсіңдер ал мен сендерді көріп, бақылап жүремін. 12 сәуір ғарышкерлер мерекесіне орай сендерге тапсырмам бар, орындағыларың келе ме?

Қандай тамаша, тапсырма орындайық па балалар?

Жарайсыңдар.

1-тапсырма.

Сәйкесендіру

2-тапсырма.

Домино ойыны

3-тапсырма.

Дидактикалық ойын: Жалған, ақиқат

3-тапсырма.

«Бұл кім?» ойыны. Жасырылған сөзден қай ғарышкер екенін табу.

Қорытынды.

-Жарайсыңдар, балалар!

Сұрақ-жауап арқылы оқу іс-әрекетін пысықтау.

Бүгінгі өткен тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Балаларды мактау мадақтау.

Анықтама

Іс-шара атауы: «Ғарыш әлеміне саяхат»

Өткізілген күні: 10.04.2026 жыл

Топ: «Алақай» ересек тобы

Мақсаты:

Ғарыш әлемі жайлы және 12 сәуір – ғарышкерлер күні екенін түсіндіру, Балаларға ғарыш, ғарыштық ұшулар, ғарышкерлер дайындау орталығы туралы түсінік беру. Тұңғыш ғарышкерлермен және Қазақстан ғарышкерлерімен таныстыру. Экологиялық сана қалыптастыру және дамыту. Адамзаттың ортақ үйі – Жер планетасына, ғарыш әлеміне сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Отанымызды қорғай білуге сүйіспеншілігін арттыру. Топпен жұмыс жасауға бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу.

Қатысушылар саны: 25 бала.

Ұйымдастырушы: Топ тәрбиешісі Жиренова У.С.

Инстаграм желісіне жүктелді:

<https://www.instagram.com/reel/DXAWG58Chvc/?igsh=ajd4NGRwcWkyZHI3>

